

**«Болашақ» мектебі мекемесінде 19-29.09.2022жж аралығында өткен
“English around the world” атты ағылшын тілі бірлестігінің онкүндігіне
есеп**

Онкүндіктің мақсаты:

- Мұғалімдердің кәсіби және шығармашылық шеберліктерін көрсету, таныстыру;
- Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген сүйіспеншілігін арттыру;

Онкүндік ашылуына дейін мектеп акт залы мен фойе арнайы баннерлер, шарлар және тақырыпқа сай макеттер дайындалды.

Онкүндік аясында пән мұғалімдері ашық сабақ пен сыныптан тыс іс-шара және сайыстар өткізді. Тек Сейтхан Диана денсаулығына байланысты ақысыз демалысқа шығуына орай сабақтары келесі аптаға қалдырылды. Қалған жоспарланған жұмыстар толық орындалды.

19 қыркүйек күні мәжіліс залында онкүндіктің ашыуы болды. Онкүндік ашылуында мектеп оқушылары өз өнерлерін ағылшын тіліндегі ән-жырларын көрсетіп, ағылшын мемлектеріне саяхат жасалып, салтанатты түрде атап өтілді.

Онкүндікте өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар және мектепшілік сайыстар өз уақыттарында өткізіліп отырды.


Пән мұғалімдерінің сабақтарына мектеп директоры Б.Турсынбаевна, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Темірбековна, Әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Шәріпбекқызы еніп отырды. Әрбір мұғалімге сабақтан кейін кері байланыс беріліп, сабақ барысындағы жақсы тұстары мақталып, қалыс қалған тұстарына ескерту беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Күнделікті бірлестік мұғалімдері бас қосып, әр сабақ талқыланып отырылды. Онкүндік мұғалімдердің шыңдалуына үлкен үлесін қосты. Мұғалімдер тек ашық сабақтармен шектелмей, сыныптан тыс іс-шаралар, атап айтқанда интеллектуалды сайыстар, викториналық ойындар, талантты балаларға арналған байқаулар өткізіліп, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруда жұмыстар жүргізілді.

Әр сайыстың қорытындысы бойынша белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, мадақтамалар берілді.

29 қыркүйек күні онкүндіктің жабылуына 2-3 сынып оқушыларының орындауында «Қызыл телпек» ертегісі қойылды. Көрермендер біздің ең кішкентай тіл жанашырларының ағылшын тіліне деген қызығушылығын сезініп, көріністен ләззат алды. Жабылу салтанаты ӘБ пән мұғалімдерінің орындауындағы әнмен қорытындыланды.



Онкүндіктің ашылуы



Сахна мен фойе безендірілуі



Онкүндіктің жабылуы



Құрметті қонақтарға берілген шақыру қағазы мен онкүндік жоспары



Сыныптан тыс іс-шара сәті